

«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі

Ақсу кентінің №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Күнтізбелік-тақырыптық жоспардың, ұзақ мерзімді жоспарлардың оқу бағдарламасына сәйкестігін тексеру туралы

Анықтама

Тексерудің мақсаты: Мектептің 1-11 сыныптардағы оқу процесіне ұсынылған бағдарламаға сәйкес, дұрыс ұйымдастырылуын, күнтізбелік жоспарлардың талапқа, эстетикалық талғамға сәйкестігін тексеру.

Тексеру мерзімі: қыркүйек айы

2025-2026 оқу жылының басталуына байланысты, оқу-тәрбие жоспарына сәйкес, мектептің барлық мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, ұзақ мерзімді жоспарлары тексерілді. Тексеру төмендегі комиссия құрамымен өткізілді.

1. Сабитова Г.С-басшының орынбасары
2. Чарапиева А.А-мектеп әдіскері
3. Казизова Б.Т- бастауыш сыныптар бойынша басшының орынбасары
4. Кульмагамбетова Г.Б-басшының орынбасары

Тексеру нәтижесінде мектеп мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарлары мен қысқа мерзімді сабақ жоспарлары «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрғаны анықталды. Төмендегідей құжаттармен жұмыс жасалып, басшылыққа алынған:

1.«2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025.

2.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы

3.«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 27 маусымдағы № 161 бұйрығы

4.«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы

Бастауыш сыныпта 1-сынып оқушылары үшін III тоқсандағы қосымша апталық жүктемені ескере отырып 33 аптаға жоспарланған, 2-11-сыныптарда 34 аптаға құрылған. Оқу күндері мен демалыс күндері ескерілген. Бекітілген кестеге сәйкес құрылған.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға қойылатын талаптар туралы пән мұғалімдеріне нұсқау берілді. Пән мұғалімдері әдістеме бірлестік отырысына қатысып, нұсқаулықтар алды. Әдістеме бірлестік жетекшілерінің ұйымдастыруымен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды жоспарлауда әдістемелік бірлестік отырыстары өткізіліп, бағдарламалар мен жоспарлары қаралып, талқыланды. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар түсінік хатымен жасалған.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар әдістемелік тұрғыдан дұрыс құрылған. Бірақ, кейбір жоспарларда кемшіліктер де кездесті. (сабақ мерзімінің қате немесе уақытылы қойылмауы). Ауызша айтылған ескерулерден кейін кемшіліктер түзетілді.

Тексеру нәтижесіндегі қорытынды:

1. Барлық мұғалімдер уақытылы жоспарларын өткізді.
2. Жалпы мұғалімдердің жоспарлары белгіленген бөлімдерге сәйкес жасалған. Бөлімдері анықталып, бөлінген. Сағат саны сәйкесінше бөлінген.
3. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрылған жоспарлар бір жылға әр сыныпқа жеке-жеке жоспарланған
4. Үй тапсырмаларын жоспарлауда, тоқсанның соңғы сабағында, бақылау жұмыстарынан кейін үй тапсырмалары берілмеуі ескерілген.
5. Тоқсан соңында тоқсандық жиынтық бағалау жоспарланған.

Ұсыныс:

1. Қателік жіберген мұғалімдер жіберілген кемшіліктерімен жұмыс жүргізіп, түзетілу енгізісін.
2. Іс-тәжірибе бөлісу мақсатында жыл бойында өткізетін ашық сабақтар мерзімін анықтасын.
3. Түсінік хатқа міндетті түрде күтілетін нәтижесі енгізілсін.
4. Оқу мақсаты бөлімінде мақсаттардың қойылуын назарға алсын.
5. Белгіленген үлгі бойынша берілген бөлімдердің жоспарлануына назар аудару.
6. Сынып журналдарының, «Bilimclass.kz»-тің жоспарланған күнтізбелік-тақырыптық жоспар бойынша толтырылуы қадағалансын.
7. Күнтізбелік-тақырыптық жоспардың енгізу бөліміне қажет болған жағдайда өзгеріс енгізілсін.

Басшының орынбасары



Г.Сабитова